

"Протон" авариялық зымыран тасығышының Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерделеу жөніндегі Үкіметтік комиссия жұмысының қорытындылары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 тамыз N 1254

"Протон" авариялық зымыран тасығышының Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерделеу жөніндегі Үкіметтік комиссия жұмысының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Протон" авариялық зымыран тасығышының Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерделеу жөніндегі Үкіметтік комиссияның есебімен келісілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қаржы министрлігі Ресей тарабының үстіміздегі жылдың 5 шілдесінде "Протон" зымыран тасығышының авариясынан Қазақстан Республикасына келген зиянды өтеуі және аварияның зардаптарын жоюға байланысты Қазақстан тарабы шеккен барлық негіздемелі және құжаттармен куәландырылған шығындарды төлеуі жөнінде шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аварияның зардаптарын жоюға байланысты өтем төлемі қаражатының Қарағанды облысының әкімі бекіткен сметаларға сәйкес мақсатты жұмсалуды бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан тарабы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтік комиссияларының бірлескен мәжілісіне "Протон" зымыран тасығышының авариялық ұ ш ы р ы л у ы ж ө н і н д е г і :

Ресей тарабының "Протон" авариялық зымыран тасығышы құлаған аймақта тұратын адамдардың денсаулық жағдайына және дезаптациялық бүліну деңгейіне мониторинг жүргізуге 20 млн. теңге бөлуі туралы;

Қазақстан Республикасының аумағында зымыран тасығыштың ұшатын трассасы бойында авариялық-құтқару отрядтарын құру және оларды іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған арнаулы техникамен жарақтандыру туралы;

зардап шеккендерді қабылдау және білікті медициналық жәрдем көрсету үшін жылжымалы медициналық базалық лагерь жиынтығын беру туралы;

зымырандық-ғарыштық қызметті жүзеге асырған кездегі авариялардың зардаптарын жою жөніндегі әрекеттердің тиісті бағдарламалары бойынша мамандарды оқыту т у р а л ы ;

ұшу трассасының бойындағы облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының және санэпидстанциялардың арнаулы лабораторияларын судағы, ауадағы, топырақтағы , өсімдіктердегі зымыран отынының құрамдас бөлшектерін анықтау жөніндегі тиісті әдістемелермен жабдықтау туралы мәселелерді енгізетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі:

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандардың жоспарлы ұшырылуы алдында ұшу трассасының бойында орналасқан елді мекендерде авариялық-құтқару отрядтары құрылымдары мен азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметін жоғары дайындық деңгейіне келтіруді қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, ықтимал авария аймағына жататын елді мекендерден эвакуациялау шараларын жүргізу және көшірілген адамдарды қабылдау жағдайында, азық-түлік запасын және уақытша тұрғын үйлерді жайластыру жөніндегі материалдық ресурстар жасауды, тамақтандыру орындарын ұйымдастыруды, тиісті құралдар мен аспаптардың болуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне:

Ресей тарапы берген аварияның себептері туралы және "Протон" зымыран тасығышының сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы материалдарды және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі сараптама тобының қорытындысын ескере отырып, зымыранның авариясынан болған шығынның өтелуіне байланысты шаралар аяқталған соң "Байқоңыр" ғарыш айлағынан "Протон" зымыран тасығыштарының ұшырылуына тыйым салуды тоқтату;

бір ай мерзімде Ресей тарапымен "Байқоңыр" кешені қызметіндегі қоршаған ортаны қорғау және "Протон" зымыран тасығышының бірінші буындары құлайтын аудандарда зымыран отынының құрамдас бөлігінің қоршаған ортаны нормативтен тыс ластағаны үшін төлемдерді енгізу мәселелерін сарапшылар деңгейінде реттеу және тиісті үкіметаралық келісімнің жобасын енгізу тапсырылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК